

Бағдарламалардың барлық мүмкін болатын функциялары мен құралдарын қолдана отырып, бастауыш сынып оқушыларымен интерактивті сабақты жетілдіру.

Оқыту үрдісінің жаңаруы мұғалімге сабақты ұйымдастыру барысында жаңа әдістер мен формаларды қолдануын талап етеді. Оқушының ақпараттық дағдысы мен құзыреттілігін дамыту маңызды болып табылады. Бұл мәселе мемлекетіміздің ең басты стратегиялық ұстанымына айналды. Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сатысындағы білім мазмұнының тұжырымдамасында «оқыту мен тәрбиелеу әдістерін жетілдіру міндеті қойылсын» делінген.

Алайда, оқыту әдісін қайта құру – күрделі үрдістің бірі. Әр пән, тіпті әр тақырыптың өзі де оқытудың ерекше тәсілдері мен жолдарын талап етеді. Сондықтан, оқытуда әр түрлі әдістерді таңдау қажеттігі туындайды.

Осы орайда А.Байтұрсыновтың: "Қай әдіс жақсы?" деген еңбегіндегі: "Әр әдіс өз орнында жақсы. Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай" - деген қағидасын басшылыққа алған жөн [5].

Жалпы интерактивті оқыту теориялық та, практикалық тұрғыда зерттеуді қажет ететін дидактика міндеттерінің бірінен саналады.

Сабақтарда саналуан әдістерді, оның ішінде интерактивті әдістерді көп пайдаланамыз.

Миға шабуыл, кластерлер, салыстырмалы диаграммалар, басқатырғыштар – белгілі бір шағын тақырып бойынша кілт сөздер мен мәселелерді іздеу. Олар мәселелерді топтастыруға, өзіндік ерекшеліктері мен айырмашылықтарын тануға, ақыл-ой картасын жасауға, ойлау дағдыларын дамытуда өте тиімді.

BarCamp немесе антиконференция әдісі. Бұл әдісті веб-шебер Тим О'Рейли ұсынды. Оның мәні әркім тек қатысушы ғана емес, сонымен қатар конференцияның ұйымдастырушысы болады. Барлық қатысушылар берілген тақырып бойынша жаңа идеялармен, презентациялармен, ұсыныстармен сөйлейді. Әрі қарай, ең қызықты идеяларды іздеп және оларды жалпы талқылайды.

Сабақта мастер-класс, пікірлер шкаласын құру, Попс формуласы, шешім ағашы сияқты интерактивті әдістерді қолданамыз. Көбінесе қазіргі заман талабына сай, оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуіне назар аударамыз. Онда жұппен, топпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруды мақсат етеміз. Санасына сіңірген ақпараттарды орынды қолдана білу дағдылары қалыптастыру мақсатында Wordwall, Learningapps, Kahoot, Genially, quizizz білім беру платформаларын қолданып келеміз. Бұл қосымшалармен жұмыс істеу оқушыларға қатты ұнайды, әрі өз нәтижесін береді. Оқушылар бұл платформаларымен жұмысты өте жақсы орындайды.

Осындай тәжірибелік жұмыстарды орындау барысында мынадай нәтижелер көрініс тапты:

өз ойларын еркін жеткізу;

Learningapps, Kahoot, quizizz қосымшалар арқылы тақырыпты ашу;
оқыған білімін ұзақ уақытқа есте сақтау.

Wordwall платформасы – интерактивті әдістерге бай құрал. Көптеген шаблондары бар. Мысалы, септіктерді тақырыбын бекіту үшін сәйкестендіру тестін қолдана аламыз. Осы орайда оқушылардың сабақты қандай деңгейде түсінгенін біле аламыз.